

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ №1 ХАТТАМАСЫ

Күні: 19 қыркүйек айы, 2025 жыл

Өткізілген орны: мектеп мәжіліс залы

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер, 197 ата-ана

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі және мектеппен байланыс» психологиялық тренинг.
2. Жаңа оқу жылының басталуы және ерекшеліктері. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу.
3. Жасөспірімдер арасындағы ойынқұмарлықтың, есірткі қолданудың, көшеде мотоцикл айдаудың алдын алу және заңдылықтары туралы түсіндірме жұмыстары.
4. 2024–2025 оқу жылының қорытындысы (ҰБТ, аттестаттау).
5. «Мектепке жол – 2025» қамқоршылық акциясы туралы. Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын түсіндіру (жазғы сауықтыру лагері, ыстық тамақ, бірінші сыныпқа қабылдау).
6. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 30.07.2024 ж. №194 бұйрығына сәйкес «Біртұтас тәрбие» жоспары.
7. Мектептің ішкі тәртіп ережелері, келісім шарт және міндетті мектеп формасы.
8. 2025–2026 оқу жылында оқушыларды оқулықпен қамту.
9. Ата-аналар комитетін сайлау.

ТЫҢДАЛДЫ:

Мектеп директоры Р.Е. Арғынбай сөз алып күн тәртібімен таныстырды. Өз сөзінде ол 2025–2026 оқу жылының басталу ерекшеліктері туралы баяндап, білім беру процесіндегі өзгерістер мен талаптарға тоқталды. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында ата-аналарға түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, заңсыз ақша жинауға жол берілмейтіні ескертілді.

Келесі сөз кезегін педагог-психолог Ұ. Жаппар алып ата-аналарға бала тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігі, бала мен ата-ана арасындағы сенімді қарым-қатынас орнату, мектеппен тығыз байланыста болудың маңыздылығы туралы тренинг өткізді. Қатысушылар өз ойларын ортаға салып, пікір алмасты.

Үшінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог А. Құрманай және Аль-Фараби ауданы ПБ учаскелік инспекторы жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық, ойынқұмарлық, есірткі қолдану, жол қозғалысы ережелерін бұзу (мотоцикл айдау) мәселелері бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді. ҚР заңнамаларына сәйкес жауапкершілік шаралары таныстырылды.

Келесі сөз кезегін ДОЖЖО Р. Байбатша алып, 2024–2025 оқу жылының қорытындысы бойынша ҰБТ нәтижелері мен аттестаттау көрсеткіштері туралы есеп берді. Оқу үлгерімі мен білім сапасы сараланды.

Бесінші мәселе бойынша: ДТЖЖО С. Жорабек «Мектепке жол – 2025» акциясы аясында әлеуметтік қолдауға мұқтаж оқушыларға көрсетілген мемлекеттік және демеушілік көмектер туралы ақпарат берді. Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары (жазғы лагерь, ыстық тамақ, 1-сыныпқа қабылдау) түсіндірілді.

6-мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Жорабек Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің №194 бұйрығына сәйкес «Біртұтас тәрбие» жоспарының мазмұнымен таныстырды. Аталған жоспардың негізгі мақсаты – білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру, олардың тұлғалық дамуына жағдай жасау екендігі атап өтілді.

Сонымен қатар, тәрбие жұмысының негізгі бағыттары кеңінен баяндалды. Атап айтқанда, патриоттық және азаматтық тәрбие, рухани-адамгершілік тәрбие, құқықтық тәрбие, салауатты өмір салтын қалыптастыру, экологиялық мәдениет, еңбек және экономикалық тәрбие, отбасы құндылықтарын дәріптеу бағыттары бойынша жүргізілетін жұмыстарға тоқталды. Әр бағыт бойынша мектеп деңгейінде жүзеге асырылатын іс-шаралар, сынып сағаттары, жобалар мен тәрбиелік жұмыстардың мазмұны түсіндірілді.

С.Жорабек өз сөзінде тәрбие жұмысының жүйелі, жоспарлы түрде жүргізілуі оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал ететінін атап өтті. Сонымен қатар, сынып жетекшілеріне «Біртұтас тәрбие» жоспары негізінде жұмыс жүргізу, іс-шараларды уақытылы әрі сапалы ұйымдастыру, ата-аналармен тығыз байланыс орнату қажеттігі ескертілді.

7-мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Жорабек сөз алып, ішкі тәртіп ережелері, ата-ана мен мектеп арасындағы келісімшарт талаптары және міндетті мектеп формасына қатысты түсіндірме жұмыстарын жүргізді. аталған мәселені жан-жақты қозғап, мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтау – білім алушылардың қауіпсіздігі мен тәртібін қамтамасыз етудің негізгі кепілі екенін атап өтті.

Сонымен қатар, ата-ана мен мектеп арасындағы келісімшарттың маңыздылығына тоқталып, онда көрсетілген екі жақтың құқықтары мен міндеттері нақты түсіндірілді. Ата-аналардың бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарауы, мектеппен тығыз байланыста болуы қажеттігі айтылды.

Міндетті мектеп формасына қатысты талаптар да назардан тыс қалмай, оқушылардың біркелкі, ұқыпты және жинақы киінуі – тәртіп пен мәдениеттіліктің белгісі екені түсіндірілді. Мектеп формасын сақтау білім беру ұйымының ішкі саясатына сәйкес міндетті екендігі ескертілді.

Жиын барысында ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар беріліп, ұсыныстар тыңдалды.

8-мәселе бойынша: Кітапханашы Э. Бекполатова 2025–2026 оқу жылында оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету жұмыстары толық жүргізілетінін хабарлады.

9-мәселе бойынша: Ата-аналар жиналысының соңында мектепшілік Ата-аналар комитетін сайлау өткізілді.

Сайлау нәтижесінде комитет құрамына белсенді және жауапкершілігі жоғары ата-аналар төмендегі тізім бойынша енгізілді:

1. Ортаева Әлия
2. Шакельдикова Сагдия Сериковна
3. Кенесариева Акмарал Жолсеитовна
4. Джанизакова Мукарам Аулбековна
5. Бертаева Рима

Комитет мүшелерінің міндеттері айқындалып, мектеп пен ата-аналар арасындағы өзара серіктестік пен байланыс жұмыстарын үйлестіру бағыттары белгіленді. Жиналыс қорытындысы бойынша ата-аналар бірлестігі мектептің тәрбиелік және оқу-тәрбие үдерісіне белсене атсалысуға дайын екендіктерін білдірді.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Ата-аналар бала тәрбиесінде мектеппен тығыз байланыста жұмыс жүргізсін.
2. Құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары тұрақты жүргізілсін.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат қатаң сақталсын.
4. Оқу сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.
5. Әлеуметтік көмекке мұқтаж оқушыларға қолдау көрсету шаралары ұйымдастырылсын.
6. «Біртұтас тәрбие» жоспары жүйелі түрде жүзеге асырылсын.
7. Мектептің ішкі тәртіп ережелері мен бірыңғай мектеп формасы талаптары сақталсын.
8. Оқушыларды оқулықпен толық қамтамасыз ету жұмыстары бақылауға алынсын.
9. Сайланған ата-аналар комитеті өз жұмысын жоспарға сәйкес жүргізсін.

Мектеп директоры:
Хатшы:



Р.Е. Арғынбай
А.Құрманай